

**«Аяжан» жекеменшік балабақшасының
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰЖАТТАРЫ**

2023 жыл.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемесінің қамқоршылық кеңесі туралы Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 27.01.2017 жылы № 14751 болып тіркелген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы №501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 715 бұйрығы шығарылды.

1.2. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) білім беру ұйымын алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

1.3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы қағиданы, сондай-ақ білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады.

1.4. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата - аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады.

1.5. Қамқоршылық кеңес заңды тұлға болып саналмайды, банк мекемелерінде өз есептік шоты, жеке өз балансы, мөрі, мөртаңбасы болмайды.

1.6. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және қызметі

2.1. Қамқоршылық кеңес аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналарының бастамасы бойынша жалпыжиналыста құрылуы мүмкін.

2.2. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестіктер;
- 3) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;
- 4) демеушілер кіруі мүмкін.

2.3. Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Мүшелерінің саны 5 - тен кем болмауы керек. Жаңа өкілдер, егер олардың кандидатурасына отырысқа қатысушы мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе ғана ҚК құрамына қабылдануы мүмкін. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2.4. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыспен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады.

Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

2.5. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасарын Қамқоршылық кеңес сайлайды.

2.6. Хатшыны Қамқоршылық кеңес сайлайды және ол Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді.

2.7. Қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Қамқоршылық кеңес төрағасының шешімімен немесе Қамқоршылық кеңестің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі.

2.8. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

2.9. ҚК отырыстары ашық түрде өткізіледі. Тек қана ҚК мүшелері мен жеке шақырылған адамдар ғана қатыса алатын жабық отырыстар қызметтік немесе коммерциялық құпиясы бар мәселелерді қарастыратын жағдайда ғана өткізіледі.

2.10. ҚК шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған төрағалық етуші мен отырыстың хаттамасын жүргізетін хатшы қол қояды.

2.11. ҚК мүшесінің өкілеттігі мерзімнен тыс мынадай жағдайда тоқтатылуы мүмкін:

- ҚК мүшесінің өтінішімен

- ҚК мүшесінің денсаулық жағдайына немесе ұйым орналасқан орында ұзақ болмауы себебіне байланысты өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда

ҚК мүшесі қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе ол жарамсыз қылық жасаған жағдайда

3. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаттары:

3.1. білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;

3.2. білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;

3.3. білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;

3.4. білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету;

3.5. білім беру ұйымы жұмысының, оның ішінде қаржы қаражаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

4. Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

4.1 білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;

4.2 тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;

4.3 халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;

4.4. білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады;

4.5. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейтесті міндеттерін шешу;

4.6. Мектептегі міндеттерді қазіргі талапқа сай шеше алатын, жан - жақты білімді, тәрбиелейтін орталық ретінде қалыптастыру;

4.7. Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияны енгізу, оқу - тәрбие жұмысында тиімді пайдалана білу;

4.8. білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің алдында есебін тыңдау болып табылады.

5. Негізгі міндеттері:

5.1. мектептің үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету;

5.2. білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға, оқу - материалдық және техникалық базасын жақсартуға қатысу;

5.3. мектептің қаржы, материалдық және қолдаудың басқа түрлерін жүзеге асыруда күш - жігерді біріктіру, қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тарту;

5.4. білім үрдісіне қатысушылар құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

6. Қамқоршылық кеңесінің функциялары:

6.1. мектеп миссиясын анықтауға, даму стратегиясын бекітуге қатысады, дүркін - дүркін қызметін бағалауды жүргізеді;

6.2. Қамқоршылық кеңесі қоры қаражатын жұмсау бойынша қоғамдық бақылау жүргізеді;

6.3. білім беру және еңбек тәртібі заңдарына сәйкес, «Білім» заңына, бала құқығын қорғау заңына және еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес болашақ бағыттарын ұйымдастыруға және айқындауға ықпал жасайды;

6.4. мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жаңа технологияны меңгеруіне, оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі;

6.5. жетім, қамқорлықсыз қалған оқушыларға әлеуметтік көмек көрсетеді;

6.6. мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын ескеріп, кәсіподақ ұйымымен бірлесе әрекет етеді;

7. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

7.1. құрылтайшының бастамасы бойынша;

7.2. Қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша;

7.3. білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңес өз жұмысының қорытындысын жыл соңында сараптайды.

Кеңестің жыл аяғындағы отырысында мектеп директоры атқарған жұмысы туралы есеп береді, ал кеңес мектептің оқу - тәрбие жұмысына баға беріп, келесі оқу жылындағы жұмысына толықтырулар енгізеді.

Мұнайлы ауданы бойынша
білім бөлімінің
2023 жылғы «__11__» қыркүйек
№ 08__ бұйрығына
қосымша-2

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы және комиссия мүшелерін сайлау
туралы**

**«Мұнайлы аудандық білім бөлімі» бойынша Басқұдық ауылдық округінің
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

-Омирузакова Раушан– төраға, жергілікті өкілдік;

Қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері:

-Таймаганбетова Гулзипа Махмутовна- мұғалім;

-Ирзабеков Габит- жеке кәсіпкер;

-Елемесов Досан- ЖСШ «ОСК» мұнайшы;

- Еркебаев Нурлан - РОВД капитан;

- Новрузова Жанар - ата-ана;


-Текеева Рита- кәсіподақ төрайымы;

- Кабулов Нурлыбек - жек кәсіпкер;

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:

-Г.Султанова -ата –ана, хатшы;

 **КЕЛІСІЛДІ:**
ҚК төрағасы
Омирзакова Раушан
«_09_» қазан_ 2023ж.

 **БЕКІТІЛДІ:**
балабақша
директоры Д.О.Ирзабекова
«_09_» қазан_ 2023ж.

**«Аяжан» жекеменшік балабақша ҚК-нің 2023-2024 жылға арналған
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орын даушы	Қаржы Көзі
1	«Булдіршіндер шеруі» байқауын ұйымдастыру	2023-2024 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	педагогтер ,ҚК	Демеуші
2	«Бояулар әлемі» байқауын ұйымдастыру	2023-2024 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер , ҚК	Демеуші
3	«Асыл әже» байқауын ұйымдастыру	2023-2024 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер , ҚК	Демеуші
4	«Біз шыныққан баламыз» спорттық сайысын ұйымдастыру	2023-2024 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер , ҚК	Демеуші
5	Облыстық, аудандық байқауларға, сайыстарға қатысқан балабақша тәрбиеленушілеріне сыйлық беру	2023-2024 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер , ҚК	Демеуші

Мұнайлы ауданы
Басқұдық ауылы
«Аяжан» балабақшасы
ЖК «Шаменова»

Басқұдық, а. Өндірістік аймақ 3, ғ. 53
130006. Басқұдық с.



Мұнайлинский район
Село Басқұдық детсад
Детский сад «Аяжан»
ИП «Шаменова»

с. Басқұдық Промзона 3, здания 53
130006. Басқұдық а.

БҰЙРЫҚ
11.09.2023ж. №08жк

ПРИКАЗ

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы және
комиссия мүшелерін сайлау туралы**

«Мұнайлы аудандық білім бөлімі» бойынша Басқұдық ауылдық округінің
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

- Омирузакова Раушан

Қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері:

- Таймаганбетова Гулзипа Махмұтовна - мұғалім;

- Ирзабеков Габит

- Елемесов Досан

- Еркебаев Нурлан

- Новрузова Жанар

- Текеева Рита

- Кабулов Нурлыбек

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:

- Султанова Гулмарал

Балабақша директоры:

Д.Ирзабекова

Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №1

Өткізілген күні: 20 қыркүйек 2023 жыл

Өткізілген орны: «Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, педагогтер.

Күн тәртібі

«Бүлдіршіндер шеруі» байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы.


Тыңдалды

Әдіскер 2023–2024 оқу жылына арналған жоспарға «Бүлдіршіндер шеруі» байқауын өткізудің мақсаты мен міндеттері туралы баяндады. Байқаудың негізгі мақсаты – топтардың дамытушы ортасын жетілдіру, аула үлескелерін көркейту, педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттыру екені айтылды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері байқауды өткізуге қолдау білдіріп, демеушілер есебінен жеңімпаздарды марапаттау жөнінде ұсыныс жасады.

Қаулы етті

1. «Бүлдіршіндер шеруі» байқауы бекітілген ережеге сәйкес өткізілсін.
2. Байқау қорытындысы бойынша I, II, III орын иегерлері анықталсын.
3. Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталсын.
4. Қаржыландыру демеушілер есебінен жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: 

Хатшы: 

«Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №2

Өткізілген күні: 15 қараша 2023 жыл

Күн тәртібі

«Бояулар әлемі» байқауын ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды


Әдіскер байқаулардың балалардың өнерін, шығармашылығын және сахна мәдениетін дамытуға бағытталғанын атап өтті. Байқау ережесімен таныстырылып, бағалау өлшемдері бекітілді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балаларды ынталандыру мақсатында барлық қатысушыларға Алғыс хат, ал жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар табыстауды ұсынды.

Қаулы етті

1. Байқау жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Әділқазылар алқасы құрылсын.
3. Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталсын.
4. Қаржы демеушілер есебінен қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Хатшы:



«Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №3

Өткізілген күні: 18 ақпан 2024жыл

Күн тәртібі

«Біз шыныққан баламыз» спорттық сайыстарын өткізу туралы.

Тыңдалды


Дене тәрбиесі нұсқаушысы спорттық іс-шаралардың мақсаты – балалар мен ата-аналарды салауатты өмір салтына баулу, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту екенін баяндады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жеңімпаз командаларды марапаттау үшін демеушілік көмек көрсетілетінін хабарлады.

Қаулы етті

1. Спорттық сайыс бекітілген бағдарлама бойынша өткізілсін.
2. Барлық қатысушыларға Алғыс хат табысталсын.
3. Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталсын.
4. Іс-шара қорытындысы әлеуметтік желілерде және ақпараттық бұрышта жариялансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Хатшы:



«Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №4

Өткізілген күні: 20 наурыз 2024 жыл

Күн тәртібі

«Асыл әже» байқауын ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды


Әдіскер отбасы құндылықтарын насихаттау, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу және ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуын арттыру мақсатында байқаулар өткізілетінін баяндады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жеңімпаздарды марапаттауға демеушілік жасауға келісімдерін білдірді.

Қаулы етті

1. Байқау белгіленген мерзімде өткізілсін.
2. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар марапатталсын.
3. Қорытынды ақпарат ата-аналар жиналысында таныстырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Хатшы:



«Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №5

Өткізілген күні: 25 мамыр 2024 жыл

Күн тәртібі

Облыстық және аудандық байқаулар мен сайыстарға қатысқан тәрбиеленушілерді марапаттау туралы.

Тыңдалды

Әдіскер оқу жылы ішінде облыстық және аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы баяндады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балалардың шығармашылық және спорттық жетістіктерін ынталандыру мақсатында сыйлықтар табыстауды ұсынды.

Қаулы етті

1. Байқауларға қатысқан тәрбиеленушілерге Алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталсын.
2. Жеңімпаз балалардың ата-аналарына алғыс білдірілсін.
3. Сыйлықтар демеушілердің қаржысы есебінен алынсын.
4. Қабылданған шешімнің орындалуын Қамқоршылық кеңесінің төрағасы бақылауға алсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: _____

Хатшы: _____